

Мыңменен жалғыз алысқан Абай,  
Шыңғыстан шыңға беттедің.  
Артылып туған данышпан Абай,  
Тектіден туған текті едің.

Алмайды жырдың жүлдесін ақын  
Сүлдесі солғын ғасырда.  
Бел-белестерге бірге шығатын  
Ерболдай дос жоқ қасымда.



871030 51133



jenis\_tugusken@mail.ru



ЖАҢААРҚА АУДАНЫ,  
ТҮГІСКЕН АУЫЛЫ,  
Ы.ЖҰМАБЕКОВ, 49



tugisken\_kitaphana



tugisken\_kitaphana

“СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН АТЫНДАҒЫ  
ОРТАЛЫҚТАНДЫРЫЛҒАН  
КІТАПХАНАЛАР ЖҮЙЕСІ” КММ



Арқада ардакүрең  
ақын

ТҮГІСКЕН АУЫЛЫ

Ғалым Жайлыбай - 1958 жылы 9 ақпанда Қарағанды облысы, Жаңаарқа ауданы, Жеңіс ауылында туған. Ұзақ жыл ауылда шопан, жылқышы болып жұмыс істеген. Аудандық, облыстық басылымдарда қызметте болған.

#### Шығармашылығы

- «Жанымның жапырақтары» (1988),
- «Жүрегімнің жұлдызы» (1966),
- «Күс қанаты» (2001),
- «Қарашығымдағы қара өлең» (2006),
- «Ардакүрең» (2008) атты жыр кітаптарының,
- «Ескі Жүрт»,
- «Отызым да барады...»
- «Есіл ағады»
- «Тағдырымның тамыры» (2008)

#### Жетістіктері


Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты (1999). «Ерен еңбегі үшін», «Тәуелсіздікке 10 жыл» медальдарымен марапатталған. Қазақ ақындары жыр мүшәйраларының бірнеше мәрте жеңімпазы. Түркияның Сапанша қаласында өткен (2001) халықаралық жыр мерекесінде «Ақшам жұлдызы» арнайы сыйлығын иеленген. Ресей Халықаралық Жазушылар ұйымының С.Есенин атындағы Алтын медалінің иегері (2009). Құрмет орденінің иегері (2011)

Ғалымның қай өлеңін оқысаң да халық әнін естіп, соның әуеніне елтіп отырғандай күй кешесің. Әр өлеңі халық әніндей қарапайым, табиғи, жатық. Ғалым – Қасым жырымен қанаттанған қазақ поэзиясының ХХ ғасырдың 60-жылдардағы асқақ буынның дәстүрін мықтап ұстанған ақын. Оның тұла бойына Тұманбайдың сыршыл нәзік лиризмін мен Қадырдың биік интеллектісі, Жүмекеңнің терең философиясы мен Өтежанның кең эпикалық сарыны, Мұқағалидың асқақ пафосы тоқайласа тоғысқан.




Ғалым өлеңдерінің лирикалық қаһарманы – дала перзенті, тайға мініп жылқы баққан малшының баласы. Оның жастығы көшпелі ауылда, далада, мал ішінде өткен. Мал болғанда – жылқы. Жылқы бағу ол кезде кез келген малшының еншісіне бұйырмаған. Атқа міну, ат үстінде еңбек ету жаяу немесе өгіз мінген малшыға қарағанда, құрметті жұмыс саналған. «Ат үстінде ұмыттым кедейлікті, Ат үстінде өлсем мен шатпын дедім» деп Жұбан ақын айтқандай, атты қазақ қиялыға, романтикалық көңіл күйге бір табан жақын болған. Ғалым қаһарманы да «тай мініп, жеткізбейтін сағымды қуып» тұмыр кешеді, қолына тобылғы сапты қамшы ұстап «түн түндігін қамшысымен тілгілеп» өседі, «жылқы мінезді жылқышының баласы тұнықтың тұнығын іздейді», «зулаған күннің белестері оның ойын ұштайды»

Серік Қирабаев,  
академик.



Қазақтың көрнекті ақыны, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, Ресей Жазушылар ұйымының Сергей Есенин атындағы алтын медалінің иегері Ғалым Жайлыбайдың «Бір тал үкі» деп аталатын бұл жинағына қаламгердің соңғы жылдары жазған өлең, поэмаларымен қоса таңдаулы туындылары енгізілген.

Жайлыбай Ғ.  
Таңдамалы 1-том. – Астана: Фолиант, 2014.  
Көрнекті ақын, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, Ресей Жазушылар ұйымының Сергей Есенин атындағы алтын медалінің иегері Ғалым Жайлыбайдың бұл жинағына қаламгердің әр жылдары жазған таңдаулы туындылары енгізілген



Ғалым Жайлыбай  
Ақ сиса, "Библиотека Олжаса", 2013. ISBN:978-601-7315-46-7  
Қазақтың көрнекті ақыны, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, Ресей Жазушылар ұйымының Сергей Есенин атындағы алтын медалінің иегері Ғалым Жайлыбайдың «Бір тал үкі» деп аталатын бұл жинағына қаламгердің соңғы жылдары жазған өлең, поэмаларымен қоса таңдаулы туындылары енгізілген.



Жүрегімнің жұлдызы. Жыр кітабы. – Алматы: Шартарап, 1996 – 153 бет  
Қазақ ақындары жыр мүшәйрасының бірнеше мәрте жеңімпазы Ғалым Жайлыбай – өлеңге өмірден келген жігіт. Бұл жинақта жас ақынның балалық, жастық, махаббат тақырыбына жазылған жырларымен қоса ел мен жердің тағдыры жайлы толғаныстары топтастырылған.